

## Оқушылардың республикалық олимпиадасына іріктеу (облыстық кезен)

II тур  
11 - сынып  
(Қазақ тілі мен әдебиеті)

*Екінші турға бірінші турға қойылатын ұпайдың кемінде жартысын (25ұпай) жинаған оқушылар қатыса алады. Екінші турға қатысушыларға қазақ тілі мен әдебиеттен 5 сұрақ қойылады.*

**Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі:**

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

*9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;*

*7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;*

*5-6 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;*

*3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрекі қателер кетті;*

*1-2 ұпай - сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.*

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғары ұпай – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушы 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	Кешегі қара күндерде, Жұлдызсыз, айсыз түндерде, Жол таба алмай сенделіп, Адасып алаш жүргенде,... Үзінді қай ақынның өлеңінен алынған? Бұл жерде қандай мәселе туралы айтылған?
2.	Қазақ әдебиеті	а) Толғау ә) психологиялық параллелизм
3.	Қазақ тілі	а) шешендіктің түрлері туралы айтыңыз ә) Тіл лұғаты деген не? Мысал келтіріңіз
4.	Қазақ тілі	а) Анықтауыш пен айқындауыштың айырмашылығы. Мысал келтіріңіз. ә) Сөйлем соңына қабаттаса қойылатын тыныс белгілер.
5.	Тіл мәдениеті	Қазақ жазуының тарихы

- Тапсырманың орындалу уақыты 90 минут